

9 Тарау. НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРУ

9.1 Несиелік тәуекел қызметті ұйымдастыру

Кез келген банктің қызметінің табыстылығы банктің берген несиелерінің сапасына, яғни оның қайтарымдылық дәрежесіне тікелей байланысты. Несиенің уақтылы қайтарылмауы банктің зиян шегуіне итермейді. Сондықда банктер несиелік тәуекелді басқару шараларымен уақтылы айналысып отыруға тиіс.

Несиелік тәуекел – қарыз алушының банктен алған несиегі бойынша қарызын немесе оған есептелінген сыйақысын өз уақытында қайтара алмауына байланысты банктің зиян шегуін сипаттайды. Несиелік тәуекелді басқару жүйесінің негізгі элементтеріне жататындар:

- несиелік қызметті ұйымдастыру;
- лимиттер белгілеу;
- несиелік ұсынысты бағалау және қарыз алушының несиелік қабілетін бағалау;
- несиелік тәуекел деңгейіне байланысты несиелерге рейтинг қою және белгіленген лимиттермен салыстыру;
- несиелер бойынша мүмкін болар зияндарды есепке ала отырып, сыйақы мөлшерлермен анықтау;
- несиелік шешімдерді қабылдау барысында құзіретті бөлу – несиелерді авторизациялау;
- несиелік мониторинг;
- несиелік портфельді басқару;
- проблемалық несиелерді қалпына келтіру кез келген банктік несие белгіленген мөлшер шегінде (лимит) беріледі.

Несиенің мөлшерін банк мекемесі қарыз алушымен бірлесе отырып, материалдық қорлардың құралу қажеттігін зерттеу негізінде шығындарды, өндіріс көлемі мен өнімнің өтімдігін, ауыл шаруашылық өнімдерін, оның қайта өңдеуін және басқа да шығындарды ескере отырып анықтайды. Қарыз алушыға берілетін несиенің мөлшері әр түрлі жағдайларға байланысты болып келді.

Біріншіден, қарыз алушыға берілетін несие шамасы қарыз алушының жасаған өтінішіне байланысты. Бірақ та бұл өтініштегі несие мөлшері несиені қайтарудағы нақты мүмкіндіктермен, сондай-ақ банктің нақты есебімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Екіншіден, несиенің мөлшері экономикалық жағдайларға байланысты, соның ішінде:

- қарыз алушының төлем айналымындағы алшақтық шамасына;

• несиені қамтамасыз ететін нақты тауарлы-материалды бағалылар қорына және олардың өтімділік дәрежесіне;

• маржа деңгейіне;

• несиелік тәуекел дәрежесіне және банктің клиентке деген сенім дәрежесіне;

• банкте бар ресурс көлеміне және т.б.

Несиелерді авторизациялау – несиелік тәуекелді төмендету мақсатында жүргізілетін анықтамалар және тексерулер процесін білдіреді. Несиелік мониторинг – несие бойынша мәселе туындай қалған жағдайда, қарыз алушының несиелік қабілетінің өзгерісін қадағалап отыруға байланысты шаралар жүйесі болып табылады. Несиелік портфельді басқару – бұл банк қабылдауға дайын болап отырған тәуекел түрлерінің барлығын айқындауды және олардың ең жоғарғы жететін деңгейін анықтауды талап ететін жоғарғы жетекшілер қызметі болып табылады. Несиелік портфельді басқаруды іске асырудың ортақ алғышарттарына жататындар:

• нақты қарыз алушылар мен олардың топтары үшін несиелеудің ішкі банктік лимитін белгілеу;

• несиелік рейтингпен байланысты болатын, жекелеген қарыз алушылардың тәуекел деңгейін көрсететін несиелік тәуекелді талдау формасын жасау;

• әр түрлі салалар бойынша несиелеуді диверсификациялау;

• төменгі тәуекел деңгейі бар ең маңызды салаларды анықтау;

• жоғарғы тәуекел деңгейі бар салаларға қатысты несиелік саясатты қатаңдату;

• несиеге баға белгілеу саясатын дайындау.

Несиелеу лимиттерін белгілеу – несиелік портфельді құруға бақылау жасауды тәуекелдерді төмендету және ұзақ мерзімді өміршеңдік қабілетті жақсарту үшін пайдаланылатын басты тәсіл.

Проблемалық несиелерге:

• несиелік келісімшартта көрсетілген уақытта қайтарылмаған, уақыты кешіктірілген және қосымша келісім берілген несиелер;

• сақтандыру, кепілхат немесе кепілдемемен қамтамасыз етілген несиелер бойынша сақтандыру компанияларының, кепілхатты және кепілдеме берушілердің банк алдындағы міндеттемелері орындалмағандар;

• несиелерге есептелетін пайыздың несиелік келісімшартта көрсетілген күннен 30 күн өткенге дейін қайтарылмаған несиелер жатады. Сондай-ақ проблемалық несиелерге қарсы шараларға мыналар жатады:

• қарыз алушының қызметін қайта құру;

- несиені қайтару кестесін өзгерту;
- пайыз (сыйақы) төлеу тәртібін өзгерту.

Несие үшін төлейтін сыйақы (мүдделендіру) мөлшерлемесі несиенің бағасын білдіреді. Оның мөлшері, жалпы жағдайда тартылған ресурстарға төлем мен сыйақы маржасының қосындысынан құралады. Несие тәуелдігі дегеніміз – қарыз алушының өз қаржылық міндеттемесі орындамаумен байланысты. Банктік қарыз бойынша төлем төлемеу тәуекелдігі. Ол қарыздар портфелінің санасымен тікелей байланысты.

Несие тәуекелдігін 3 түрге бөлеміз:

1. Қиянатшылық жасау. 1991-93ж біздің Республикамызда банктің үмітсіз қарыздарының неғұрлым көп таралу себебі.

2. Шет ел несиелері бойынша – дамушы елдің қарыз алушының несиелер бойынша жаппай төлем төлемеуіне байланысты 70ж. анықталды. Бұл АҚШ-ң бір қатар ірі банктің банктарға ұшырауына себеп болған.

3. Ішкі зайымдар бойынша төлемсіздік – қарыз алушының төлем қабілетке ықпал ететін барлық факторларды есепке алу қиындығымен байланысты туындайды.

Несиелік тәуекелдікті төмендетудің тәсілдері:

1. Банктік қарыздар портфельдік девирфикация яғни 1 қарыз алушыға берілетін несиенің мөлшерін несиелеу шегін белгілеу арқылы азайту. Бұл тәсіл банк клиентінің несиелік қабілетінің жеткілігіне сенімсіз болған кезде қолданылады.

2. Несие қабілетін талдау – яғни қарыз алушының несиені өтеу мүмкіндігін талдау. Несиелік қабілетті бағалау қарыз алушының қарсылық жағдайының тәуекелдігін және олардың талдауын сипаттайтын көрсеткіштер есебін білдіреді. А) Абсолюттік өтімділік коэффициент – ақшалай қаражаттар + бағалы қағаздардың қысқа мерзімді міндеттемелерге қатысады. Б) Аралық өтеу коэффициент – ақшалай қаражат + бағалы қағаз + есеп айырысудағы құжаттардың қарыз алушының қысқа мерзімді міндеттемелеріне қатынасы. В) Жабудың жалпы коэффициент – айнымалы капиталы қарыз алушының қысқа мерзімді міндеттемелеріне қатынасы.

3. Несиелерді сақтандыру тәсілі – несиенің қайтарылмай қалу тәуекелі оны сақтандырумен айналысатын ұйымдарға толық өтеуін сипаттайды. Лизингтік операциялар. Лизингтік операциялар және олардың сипаттамасы 80 жылдардың басында лизинг түсінігі жай ғана ұзақ мерзімді жалдау ретінде ғана емес жалгерлік қатынас кепілдік есебімен несиелік қаржыландыру мемлекеттері қарыз міндеттемесі бойынша есеп айырулар және басқа да қаржылық механизмдер. Несие

тәуекелділігін басқару жүйесіндегі қарыз алушының несиесіне қабілеттілігін талдау.

Несиелік операциялар – қазіргі нарықтық экономика жағдайында неғұрлым табысты және соғұрлым тәуекелділігі жоғары банктік бизнестің бірі болып саналады және банктік бизнес болып қана қоймай, мемлекеттің ақша-несие саясатын реттеудегі қолданылатын қаржы құралдарының бірі болып табылады. Несие портфелінің жедел өсімі несиесіне тәуекелділігінің де артуына әкеліп отыр. Несие ұсыну барысындағы жіберген олқылықтар банктік жүйенің дамуына айтарлықтай кедергі болып, тіпті әлемдік тәжірибенің өзі дұрыс ұйымдастырылған тәуекел-менеджменті бар *Leman Brothers Barings*, *Enron*, *WorldCom*, *Tyco* сияқты ірі банктер мен басқа да корпорациялардың құлдырауына әкелді. Банктер несиесіне тәуекелділігінен сақтанудың сан алуан түрлерін қарастырып, тәжірибеде қолдануда, соның ішінде коммерциялық банктердің несиесіне тәуекелділігін төмендету мен алдын алудың бірден-бір жолы – қарыз алушы тұлғаның төлем және несиесіне қабілеттілігін дұрыс анықтау. Несие қабілеттілік кешегінің ескірген немесе бүгінгі күннің жаңадан шығарылған проблемасы емес, ол несиесіне-қарыз операцияларының пайда болуымен туындады және несиелік қатынастар орындалған орынның барлығында қолданылып, үнемі жаңартумен, толықтыруды талап ететін іс деп санаймыз.

Банктер несиелік операцияларды жүзеге асыра отырып, мемлекеттің нарықтық жүйесіндегі қызметін жүргізетін шаруашылық субъектілерді қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Коммерциялық банктердің несиесіне қабілеттілігін анықтау кезінде айтарлықтай мән бермеген олқылықтары, ертеңгі күні, банктің қаржылық жағдайына, абыройы мен беделіне, серіктестері мен клиенттерінің мүдделеріне кері әсер етуі және нұқсан келтіруі мүмкін.

Бүгінгі күні Қазақстанның коммерциялық банктерінен алынатын таза кірістің шамамен 2/3 бөлігін несиелік операциялардан болатын кірістер құрайды. Несиелік операциялардың жүргізілуімен байланысты несиесіне тәуекелділігі пайда болады. Тәуекелділік банктің қалыптасуының ажырамас бөлігі. Несиесіне тәуекелділігі банк тәуекелділігінің бір түрі ретінде банктің үнемі назарда тұратын объектісі болып табылады. Несиесіне тәуекелділігін банктік басқару менеджменттің дәстүрлі және классикалық қызметі.

Несиесіне тәуекелділігі көптеген эндогендік және экзогендік себептердің үлкен кешенін құрайды. Коммерциялық банктер дамыған бәсекелес несиесіне нарығы бар ортада қызмет етуі және табысты өмір сүруі үшін, несиесіне қабілеттілікті анықтау, бағалау, болжау және қолдану бойынша көп жылдық тарих пен ізденістерге сүйенуі тиіс. Отандық

және шетелдік тәжірибеде, оның ішінде несиелік ұйымдардың банкротқа ұшырауының бірден бір себебі несиелік операциялардан туындайтын тәуекелдердің дер кезінде алдын алмау. Несиелік операциялар бойынша несиелік ұйымдардың ғасырға жуық тарихы болғанымен несиелік институттардағы қазіргі жағдай несие қабілеттілікті анықтау әдістерінің кемшіліктері бар және жеткіліксіз дамығандығын анықтады. Қазақстандағы кейбір екінші деңгейдегі банктерге несиелік операцияларға қатысты әр түрлі ықпал ету шараларын қолданудың өзі банктердің несиелік операцияларының дұрыс жолға қойылмағандығының көрінісі. Несие тәуекелділігін басқару жүйесіндегі несие қабілеттілік арқылы банктің несиелік операцияларының сапасын жоғарылату мен коммерциялық банктің табыстылығын арттыру - өзекті мәселе. Ол бүгінгі күннің халықаралық талаптарға жауап беретін мықты әрі сенімді банктерінің қалыптасуына ықпал етеді. Әр елдегі қарыз алушының несие қабілеттілігін кешенді талдау жүйесінің қалыптасуының ерекшелігі, әр елдің ақша-несие саясаты сияқты саясатымен біруақытта қалыптасып, өзгеріп, толықтырылып, дамуда.

Отандық және шетелдік ғалымдардың көптеген еңбектері «несие тәуекелділігі», «несие портфелі» және «несие қабілеттілік» түсініктеріне анықтамалар беріп, отандық экономиканың дамуына байланысты осы көрсеткіштердің есептелуі мен қолданылуы ұсынылады. Алайда бұл еңбектердің қатарында дағдарыс жағдайында немесе әлемдік дағдарыстың алдын алуда коммерциялық банктердің жүргізетін несиелік саясаты мен қарыз - несие операцияларын басқару және несие қабілеттілікті анықтау арқылы тәуекелді төмендету жолдары мардымсыз ұсынылған. Көптеген еңбектерде теория жақсы мазмұндалғанымен оқырманға тәжірибелік көзқарас пен есептеу жолдарының жетіспей жататындығы, банк клиенті бола алатын әр жеке немесе заңды тұлғалардың несиелеу операциясына қатысу кезінде қандай алғышарттарды біліп, қандай қадамдардан сақтануы қажеттілігі жөнінде экономикалық сауаттылығының нашарлығы бәрімізге белгілі. Осы аталған факторларды банктік несиелеуде ескермеу мүмкін емес, себебі несие тәуекелділігі тек банк немесе несиелеуші ұйым тарапынан болмайды.

Несие қабілеттілікті анықтауда әр түрлі қарыз бойынша барлық клиент үшін (сала ерекшелігіне) бір ғана әдісті қолдану үлкен қателік, осы аталғандарға байланысты қарыз алушының несие қабілеттілігін талдаудың теориялық-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әдістемелік тәртібін одан әрі өңдеп және жетілдіруге байланысты іздену, зерттеу қажеттілігі туындады. Жасалған зерттеулер мен

ізденістерге карамастан қарыз алушының несие қабілеттілігі несие операцияларының күрделілігі мен сантүрлілігіне байланысты несие қабілеттілікті талдаудың тиімділігін арттыруға байланысты жаңа әдістер мен тәуекелдердің алдын алу мен төмендету жөніндегі нақты ұсыныстар әзірлеуді қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты коммерциялық банктің несие тәуекелділігін басқару жүйесіндегі қарыз алушының несие қабілеттілігін анықтаумен байланысты қызметтердің теориялық-әдістемелік, тәжірибелік жақтарын зерттеу және несие тәуекелділігін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін жұмыста келесі міндеттер қарастырылып шешілді:

- қарыз алушының несие қабілеттілігін анықтау мен талдаудың теориялық әдістерін жетілдіру;

- банктердегі несие тәуекелділігін басқару жүйесіндегі несие қабілеттілікті талдауды әдістемелік қамтамасыз ету мен оны ұйымдастыру процесін жетілдіру мақсатында қолданылып жүрген әдістемелік базаны зерттеу;

- дамыған мемлекеттердегі коммерциялық банктердің несие тәуекелділігін басқару жүйесіндегі несие қабілеттілікті талдаудың жағдайын қарастыру және танымал әдістемелік нұсқаулар негізінде несие тәуекелділігін талдауға байланысты ұсыныс әзірлеу;

- Қазақстанның банктік секторындағы несие тәуекелділігін төмендету әдісі ретінде несие портфелінің статистикалық, аналитикалық және коэффициенттік талдау жолдарын қарастыру;

- Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі несие тәуекелділігін басқару жүйесіндегі несие қабілеттілікті талдаудың неғұрлым ұтымды жолын ұсыну;

- несие тәуекелділік жүйесін басқаруда қолданылатын модельдерді талдау, оның ішінде «Несие нарығының жағдайы және өлшемдерінің болжамы» моделін қолданып, екінші деңгейдегі банктерге жүргізілген талдау жасау тиімділігін арттыру жолдарын анықтау.

Несие нарығы қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы Заңдары мен басқа да нормативтік-құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Жолдаулары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, ресей және отандық оқу әдебиеттері, Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің, Қазақстан Республикасы қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігінің, әр түрлі деңгейлердегі конференциялардың материалдары, журналдар, сондай-ақ республикалық статистикалық

талдау негізінде алынған талдамалық зерттеу материалдары пайдаланылды.

Несиелеумен байланысты тәуекелдерді басқарудағы елеулі кемшіліктердің банк жүйесінің дағдарысына әсері ашылды. Бірқатар банктерде тәуекел-менеджмент жүйесі мүлдем құрылмаған болса, басқаларында – осы функцияның тәуелсіздігі қамтамасыз етілмеген, үшіншілерінде – жоғары басшылық тәуекел-менеджерлердің туындаған проблемалар жөніндегі ескертулеріне құлақ аспайды. Банк жүйесінің даму кезеңінде басшылық тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру үшін айтарлықтай күш-жігер салуға тиіс. Ал ол үшін жоғары басшылықтың саяси еркі қажет. Біздің ойымызша, «Несие тәуекелділігі - сыртқы және ішкі орта факторлары әсерінен қарыз алушы тұлғаның банк алдындағы өз міндеттемелерін орындаудан жартылай немесе толықтай айырылуы». Шынайы экономикаға жіберілген қарыздарды икемді басқарудың бірден-бір жолы – тәуекелдерді дұрыс басқара білу.

Қарыз алушыларды несиелеу кезінде туындайтын төлемсіздікті, жалпы тәуекелділікті төмендету үшін бірнеше факторларды ескерген жөн:

- экономикадағы өзгерістерге сезімтал қандай да бір салаға банктің несиелік қызметінің араласу деңгейін;

- қиындықты айтарлықтай сезінетін клиенттерге тиесілі болатын несиелер мен басқа да банктік мәмілелердің үлес салмағын;

- жаңа, дәстүрлі емес, аз зерттелген салаларға банктің араласу деңгейін;

- несиелер ұсыну, банктің бағалы қағаздар портфелін қалыптастыру бойынша саясатқа жиі өзгертулер мен толықтырулардың жасалуын;

- жаңа және жақында тартылған клиенттердің үлес салмағын;

- аз уақыттың ішінде тәжірибеге жаңа қызметтердің неғұрлым мол түрін енгізуін;

- тез құнсызданатын немесе нашар өтімді кепілзаттарының қабылдануын.

Несие тәуекелділігін басқаруға байланысты айтарлықтай қиындықтарға әкелетін кемшіліктер деп келесілерді атауға болады:

- несиелік саясат туралы жазбаша құжаттың болмауы немесе нашар дайындалуы;

- несиелік портфель концентрациясына қатысты шектеу қойылмауы;

- несиелік жетекшілердің орталықтандырылуы мен деорталықтандырылуы;

- несиелік объектінің жеткіліксіз талдауы;

- қарыз алушыны үстіртін талдау;
- кепілзатының асыра бағалануы;
- клиентпен байланыстың жиі болмауы немесе тіптен болмауы;
- бақылау аралығының ұзаруы (кәсіпорындарды несиелеуде) немесе тіптен жүргізілмеуі;
- құжаттарға байланысты жеткіліксіз бақылау;
- қарыз қаржыларды шектен тыс қолдану;
- несиелік құжаттар топтамасының толық болмауы немесе қатаң қадағаланбауы;
- несиелік процесті тиімді бақылап, уақытында аудиторлық тексеруге ұсынбау және т.с.с.

Қазақстанда несие тәуекелділігін басқару жүйесінде жекелеген элементтер ғана қызмет етуде. Несие тәуекелділігін басқарудың толық жүйесіне әлі қол жеткізілген жоқ. Біз оның көптеген себептері бар деп есептейміз: Біріншіден, біздің елімізде несиелік операциялар әлі қалыптасу және даму сатысында, өйткені несиелік ресурстар көбіне шет елдерден тартылатындығы сияқты, қарыз алушының несие қабілеттілігін анықтаудың бірыңғай жүйесі жоқ, тағы да шет елдердің әдістеріне жүгінуге тура келеді. Екіншіден, жоғарыда аталып өткендей, ақпараттық жүйенің әлсіздігі, несиелік бюро қызметінің қалыптасу сатысында болуы, банктің іскерлік тәуекелділігін тудырады.

Еуропалық одаққа кіретін елдерде кредиторлар тұрақты негізде несиелік бюролар арқылы қарыз алушылардың төлемқабілеттілігі туралы ақпаратпен алмасады. Қазақстанда жеке несиелік бюролармен қатар несиелерді мемлекеттік тіркеу институттарын құру жоспарлануда, бұл көптеген дамыған елдерде қолданылады. Үшіншіден, ұсынылған несиелер бойынша кепілдеу жүйесінің болмауы, бізде кепілдік қоры депозиттер мен ипотекалық несиелерге қатысты құрылған. Төртіншіден, банктің несие тәуекелділігін есептеудің бірыңғай әдістемесі жоқ, оның ішінде Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік т.с.с. ерекшеліктерін ескеріп құрылған. Бесіншіден, банктік несие бойынша қабылданған кепіл заттардың барлық уақытта анықталған өтімділікті көрсете алмауы. Алтыншыдан, жақсы дайындалған барлық уақытта несие тәуекелділігіне қарсы әрекет көрсете алатын несиелік саясаттың болмауы. Жетіншіден, банк персоналдарының нашар дайындығы мен әрекеті және тез шешім қабылдай алмауы, Сегізіншіден, қарыз алушыға байланысты келеңсіз немесе күтпеген жағдайлардың орын алуы.

Зерттелген анықтамаларды нәтижелей келе, несие тәуекелділігі – бұл кредитордың несиелік келісімнің шартында көрсетілген уақытта несие бойынша негізгі қарыз сомасын және (немесе) ол бойынша есептелген сыйақы сомасын қайтарып ала алмау ықтималдығы, деуге

әбден болады. Банк пен қарыз алушы арасындағы тәуекелділік мәселесінен кейін, несиенің бір түрінен, бірдей сомада, бірдей мерзіммен, алған несиелерге байланысты да несие тәуекелділігінің әбден болуы мүмкіндігін қарастырғымыз келеді.

Несие тәуекелділігін талдаудағы басты міндеттер болып, кредитордың жеткілікті мөлшерде ақпарат алуы, оны өңдеуі мен бағалауы келесілерге қол жеткізуге мүмкіндік беруі тиіс: әлуетті қарыз алушыға несие берудің дұрыстығы туралы шешім қабылдауға; қарыз алушы несиелік міндеттемелерін (негізгі қарыз және бойынша сый ақыларды) орындай алмаған жағдайдағы ықтимал қаржылық залалды есептеуге және өз қызығушылықтарын қорғау үшін әрекет етудің арнайы жүйесінің алдын алу болып табылады.

Несие тәуекелділігі жіктемесі - бұл несиелік қатынастар құрылымының, несиелеудің негізгі қағидаларының, қызметтерінің, яғни әр алуан сыртқы және ішкі өзгерістер барысында толық сақталатын көрінісін білдіреді. Банктің несие тәуекелділігін төмендету мақсатында төлемдерді қайтармау тәуекелінің деңгейіне айтарлықтай әсер ететін факторларға ерекше назар аудару қажет, ол тікелей біз дайындаған несие тәуекелділігі бойынша өзіндік жіктеуімізде көрініс тапты. Несие тәуекелділігі банк тәуекелділігінің құрамдасы, банк тәуекелділігі жөнінде берілген анықтамалар сан түрлі. Тәуекелділік «жоғалту қауіптілігі (немесе қауіп)», бұл анықтама тәуекелділіктің өлшемінің өзгеру сұрағын шеше алмайды. Банкте жақсы жетілдірілген және қалыптасқан несие тәуекелділігін басқару жүйесін жасап алмай, несие тәуекелділігін басқарудың тиімділігіне қол жеткізу мүмкін емес.

Бүгінгі таңда, банк жүйесі үшін клиенттің несие қабілеттілігін анықтаудағы тиімді әдістер мен жолдарды дұрыс таба білу өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Дағдарыс жағдайында тәуекелдерді басқарудың бірдей әдістемесін қолдану мүмкін емес. Қазақстанның коммерциялық банктері алдында барлық уақытта қарыз алушының несие қабілетін талдау әдістемесін тандау мәселесі тұрады. Бұл сұрақтың туындауы біріншіден, несие қабілеттілікке талдау жүргізетін несиелік қызметкерлердің тәжірибесінің аздығы болса, екіншіден, қарыз алушылар туралы ақпараттың жалаңдығы. Егер шет елдерде бірнеше ондаған жылдар бойы жинақталған ақпараттар табылатын болса, бізде несиелік бюролардың құрылғаны кеше ғана. Үшіншіден, несие қабілеттілікті анықтау бойынша Қазақстанда дайындалған әдістемелік нұсқаулар жоқтың қасы, Ресей немесе шет елдер дайындаған несие қабілеттілікке қатысты әдістемелік нұсқаларды Қазақстандық жағдайға ықшамдау қажет. Қазақстан банктері көп жағдайда, банктің несие тәуекелділігі жүйесін басқаруда өзіндік тәжірибе мен олқылықтарға көп

назар аударады. Оның қандай себептерден болғанын, қандай әдістер мен шешімдер орын алғанын қарастырады. Нарықтық экономика жағдайында және шетелдік стандарттар мен нормативтердің көптеп енгізілуі жағдайында Еуропа мен АҚШ сияқты елдердің миллиондап қаржы жұмсаған зерттеулеріне үлкен мән берген дұрыс сияқты.

Бүгінгі күнге дейін қазақстандық және шетелдік қадағалау ұйымдарының қарыз алушының несиесіне қабілеттілігін, несиесіне тәуекелділігі мен бағалау әдістемесін қолдануында айтарлықтай ерекшелік болмады. Банкті қадағалау бойынша Базель комитетімен қабылданған жаңа талаптар қалыптасқан тәжірибені түбегейлі өзгертті десе де болады. Қарыз алушының несиесіне қабілеттілігін бағалау кезінде банктер мен рейтинг агенттіктерінің беретін бағасының маңызы артты. Отандық және шетелдік ғалымдардың, экономистердің еңбектерін зерделей отырып, қазіргі несиесі нарығындағы және әлемдегі болып жатқан өзгерістерге байланысты несиесіне қабілеттілікке төмендегідей авторлық анықтама берілді: «Несие қабілеттілік – қарыз алушының банк алдындағы өз міндеттемелері бойынша туындауы мүмкін несиесіне тәуекелділігінің алдын-алу және жою қабілеті».

Несие қабілеттілікті анықтау кезінде бірнеше көрсеткіштер мен белгілерге үлкен мән берген жөн, әлемдік және отандық банктер тәжірибелерін қарастыра отырып қарыз алушының несиесіне қабілеттілігін бағалауда алға тартылатын белгілер сипатталды. Қарыз алушының несиелік қабілетінің, оның төлем қабілетінен бір айырмашылығы - онда өткен кезеңдегі немесе қандай да бір күндегі төлемсіздікті есепке алмайды, яғни мұнда алдағы уақыттардағы қарызды өтеу қабілеті болжанады. Өткен уақыттардағы қарыз алушының төлем қабілетсіздігінің дәрежесі клиенттің несиелік қабілетін бағалау барысында көңіл аударатын ең бір формалды көрсеткіш болып табылады. Клиенттің несиелік қабілетінің деңгейі, банктің нақты қарыз алушыға беретін нақты қарызбен байланысты қарапайым (жеке) тәуекелдерінің дәрежесін көрсетеді.

Қарыз алушының қаржылық тұрақтылығын объективті бағалау және несиелік операцияларға байланысты мүмкін болар тәуекелдерді есепке алу банкке несиелік ресурстарды тиімді басқаруға және пайда табуға мүмкіндік береді. Отандық және шетелдік тәжірибе несиесіне тәуекелділігі мен клиенттің несиесіне қабілеттілігінің бірнеше анықтаушы белгілерін зерттеді. Банктер тәжірибесінде қолданылатын қарыз алушының несиесіне қабілеттілігін анықтау мен бағалаудың маңызы мен қажеттілігін зерттей келе, олардың сан алуан әдісі мен әдістемесі бола тұра несиесіне тәуекелдерін басқаруға әлі толық қол жеткізілген жоқ, яғни бұл сала көптеген зерттеулерді талап ететіндігін көруге болады. Біз өз

зерттеуімізде, несие қабілеттілік анықтамасына авторлық анықтама жасап, әр түрлі еңбектерде білдірілген пікірлерге байланысты тұжырым білдірдік және қарыз алушының несие қабілеттілігін бағалауда алға тартылатын белгілерді жинақтап жүйелендірдік.

Халықаралық банктік тәжірибеде тәуекелдерді басқару процесі қаржылық менеджменттің шешуші бағыты деп қарастырылады. Тәуекелдерді басқару (тәуекел-менеджмент) – бұл тәуекелдерді төмендету арқылы табыстардың көлемін арттыруға және шығындардың көлемін азайтуға бағытталған шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру бойынша шаралардың жиынтығы болып табылады. Тәжірибеде тәуекелді басқару кешенді сипаттағы және тәуекелдердің салдарынан болатын қолайсыз нәтижелерді төмендетуге немесе болдырмауға бағытталған аналитикалық, ұйымдастырушылық және қаржылық шаралардың жиынтығы болып табылады. Тәуекелдерді сапалы деңгейде басқару коммерциялық банктің ұзақ мерзімді перспективадағы табыстарға қол жеткізу мүмкіндіктерін көтереді. Банк операцияларының басым бөлігі несиелік қызметпен байланысты. Сондықтан да, несие тәуекелділігін басқару банктің қаржылық жағдайын қамтамасыз етудің ең маңызды жолы болып табылады. Зерттеу барысында қарастырылған анықтамалардың біреуі де несие тәуекелділігін себебі мен нәтижесі бар белгілі бір үрдіс ретінде сипаттамайды, сондықтан несие тәуекелділігін дұрыс жіктеу оларды тиімді басқаруға мүмкіндік береді деп есептеп, несие тәуекелділігінің жаңа жіктемесі енгізілді.

Тәуекелді басқару - бұл өзіне: тәуекелдерді болжауды, олардың мөлшері мен әсерін анықтауды, олардың алдын алу немесе олармен байланысты залалдарды төмендетуге арналған іс-шараларды дайындау мен жүзеге асыруды біріктіретін үрдіс. Осылайша, несиелік үрдіс пен оны жүзеге асырумен байланысты несие тәуекелділігі, коммерциялық банктердің несиелеу жүйесі бағытталған әсер ету объектілері болып табылады. Қалыптасқан банктік тәжірибеде несие операцияларын жүзеге асыру және несие тәуекелділігін басқару бойынша бірнеше әдістер мен тәсілдемелер қолданылады.

Бұл жерде, несиелеу жүйесі несиелік қатынастарды ұйымдастырудың басты буыны деп айтуға болады. Жалпы несие тәуекелділігін басқаруға екі тұрғыдан келу қажет: нақты қарыз алушының несиелік тәуекелін басқару және несиелік портфельдің тәуекелін басқару тұрғысынан деп есептейміз.

Банктің несие тәуекелділігі сыртқы ортамен қатар ішкі орта факторларына да тәуелді, сол себепті біреуіне ғана кеңірек көңіл бөліп (әдетте, сыртқы факторлар әсерінен болатын тәуекелдер қауіпті

саналады), екіншісіне үстіртін қарауға болмайды. Өйткені, бүгінгі тәуекелділіктің шағын көрінген элементтері, ертенгі күні басқарылмайтын жағдайға жетуі мүмкін. Несие жүйесіндегі тәуекелдерді басқару мен бағалаудың отандық және шетел тәжірибелерін қарастыра келе, несие қабілеттілікті анықтау әдістері мен әдістемелерінің әр түрін зерттеу барысында айтылған өзіндік ерекшеліктері мен басымдықтары бар, тек қарыз алушы субъекті жақсы тани біліп, тиісті әдістер мен әдістемелерді орынды қолдана білгенде ғана қарыз алушының несие қабілетін анықтауға мүмкіндік болады деп санаймыз, бұл жерде басты назар несие менеджерінің іскерлік қабілетінде болуы тиіс. Яғни, банктің несие тәуекелділігін басқару, бірінші кезекте жөнімен дайындалған нормативті құжаттарға тәуелді болса, екінші кезекте банк қызметкерлерінің біліктілік деңгейіне байланысты болады.

Тәуекелдерді төмендету әдістері мен тәсілдерін қолдану тәжірибесіне талдау.

Банктердің несие портфельдеріне байланысты тәуекелдерді тежеу үшін өткен жылы қабылданған бірқатар пруденциалдық нормативтердің, жылжымайтын мүлікке байланысты несиелеу тәуекелдері және сыртқы кредиторлар тұлғаларына байланысты несиелеу нормативтерін қоса алғанда дұрыстығын айту қажет. Жылжымайтын мүлікке бағаның тез өсуін және ипотекалық несиелеу және құрылысты несиелеудің одан әрі жалғасқан толқынын негізгі ала отырып, несиенің негізгі сомасы мен қамтамасыз етуге ұсынылған активтің бағалау құны арасындағы пайызға ара қатынасын және несиелерді жіктеу үшін олардың төлем қабілеттілігі бойынша, әсіресе ақша-несие талаптарын күшейтудің әсерінен несиенің өсу қарқыны қажетті қарқыннан қалған жағдайда, одан әрі күшейту мәселесін қарауға тура келеді. Бұдан басқа, сыртқы несиелеу және банктің инвестициялық қызметі бойынша пруденциалдық нормативтерді күшейту мүмкіндігін қарастыру қажет.

Несие жүйесіндегі тәуекелдерді басқарудың теориялық және практикалық маңыздылығының ЕДБ үшін ғана емес, банк қызметін пайдаланушылар үшін де мәні зор. ЕДБ мен қатар пайдаланушылар үшін де несие жүйесіндегі тәуекелдерді басқару екі субъект арасындағы сенімсіздіктің жойылуына, төлемсіздік, несие қабілетсіздік сияқты факторлардың алдын алуға мүмкіндік береді. Несие портфеліне жасалған талдау оның сапасының нашарлауына баға өзгерістерінің жайсыздығын, кәсіпорындардың күйзелісін, тұрғындардың әлеуметтік факторларын алға тартады.

Несие тәуекелділігін туындататын факторлардың бірі пайыз мөлшерлемелеріндегі өзгерістер немесе дұрыс есептелмеген пайыз мөлшерлемесі. Банктер өз қызметі барысында барлық уақытта пайыз мөлшерлемелерін ырықтандыра алмайды, себебі оған көптеген ішкі факторлармен қатар сыртқы факторлардың да әсері бар. Атаулы жағдайларда ғана банктер, мысалы несие портфелін теңдестіріп қаржыландыру саясатын жүргізулері мүмкін.

Пайыз мөлшерлемесінің деңгейі несиелер мен инвестициялардың деңгейіне, меншікті қаражаттар мен қарызға алынған қаражаттардың арақатынасына, депозиттік салымдардың көлемі мен бағасындағы өзгерістерге, қайтақаржыландыру, есептік т.с.с. пайыздар өзгерісіне тәуелді болады, өйткені, еркін пайыздық мөлшерleme режимінде де ақша-несие мекемелері пайыздық мөлшерlemenің қолайлы деңгейде сақталуын бақылауға тиіс. Кез келген жағдайда банктің пайыздық мөлшерлемелер тәуекелінің бөлігін клиентке аудару мүмкіндігі болады. Алайда «басқыншылық» деп аталатын осындай саясаттың орындылығын анықтағанда екі ой-пікірді басшылыққа алу қажет.

Біріншісі – қазақстандық нарықтағы бәсекенің қарқынына қатысты. Егер клиентке банкті ауыстыру қиынға түссе, онда пайыздық мөлшерлемелердің түсуін күткенде несиелер бойынша межелеген пайыздық мөлшерleme белгіленеді, ал пайыздық мөлшерlemenің өсуі күтілгенде – мерзімді салымдар мен депозиттер бойынша тіркелген пайыздық мөлшерleme белгіленеді.

Екіншісі – пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінің көбірек бөлігін қарыз алушыға аудара отырып, банк оның төлеуге қабілетсіз етуі және осының салдарынан анағұрлым көп жоғалтуы да мүмкін. Өнеркәсіптік және сауда кәсіпорындарымен салыстырғанда банк мекемелерінің осы тәуекел түрін басқару мүмкіндіктері көбірек.

Несие тәуекелділігін басқару жүйесі бірнеше элементтерден тұрады және стратегиялық басқару, яғни банктің стратегиялық жоспарының, оның несие саясатының және несие тәуекелін бақылау мақсатында ұйымдастыру бөлімшелері жұмысының деңгейінде жүзеге асырылатын нақты іс-шаралар арқылы атқарылады. Несие тәуекелі несиенің «ерекше назар аудару» тізімін жасау арқылы басқарылады.

Несие қабілеттілікті анықтауда несие қағидаларының барлығы қатыстырылады және құрылыммен өткізілетін үдеріс болғандықтан жүйелілік қағидатын да алғышартқа қою қажет. Жүйелілік кешенді экономикалық талдауға қатысатын жүйелер мен жүйешелердің өзара байланысын, ол байланыс болмай жағымды нәтиже болмайтынын көрсетеді. Жүйедегі әрбір элемент аналитикалық көрсеткіштерден

тұрады, жүйе элементтері арасында өзара логикалық байланыс қалыптасады.

Қарыз алушының несиелік қабілеттілігін анықтау барысында банк бірінші кезекте мына факторларға аса назар аударады: несиелік мәміле жасауға қарыз алушының жеке бас қабілеті, рухани сипаты және іскерлік беделі; құқылық қабілеті; өтімді және құнды қамту нысандарының болуы; тұрақты табыс көзінің болуы. Сонымен, біздің пайымдауымызша «Несие қабілеттілік – қарыз алушының банк алдындағы өз міндеттемелері бойынша туындауы мүмкін несиелік тәуекелділігінің алдын-алу және жою қабілеті».

Банктің несиелік тәуекелділігін басқару жүйесіндегі қарыз қабілеттілікті анықтауға және несиелеуге байланысты тәуекелдерді басқаруға несиелік тәуекелдерін құқықтық реттеу және несиелік тәуекелдерін төмендету әдістері мен тәсілдерін кешенді қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Бақылау сұрақтары

1. Тәуекелге құқықтыққа ғана емес тәуекелді әрекет ету міндеті қашан құрылады?

2. Ұсынылған әрекеттің шығынының құқықтылығын түсіндіруі қандай мәнде?

3. Ереже ретінде бірқатар тәуекел бірқатар нәтижелермен ұштасқан. Қай тәуекел қорғалған және құқықты?

4. Тәуекелдің төмендеуінің негізгі тәсілдерін есептеп беріңіздер.

5. Әрбір тәсілді сипатап беріңі және қандай түрінде оның көмегімен тәуекел азаяды?